

14 Sayımbetov O. (2000) Qaraqalpaq tilindegi menşikti adam attarı. [Personal names in the Karakalpak language]. – Nokis: "Knowledge", 2000. [in Russian].

15 Abishov G.M. (2017) Antroponimicheskiye elementy v sostave toponimov [Anthroponymic elements in toponyms]. Vestnik RUDN. Seria: Teoria iazyka. Semiotika. Semantika. [Vestnik RUDN University. Series: Theory of language. Semiotics. Semantics]. 2017. No.2. – P. 335-340. [in Russian].

Received: 04.10.2023

МҒТАР 16.21.47

DOI: [10.59102/kufil/2023/iss4pp60-69](https://doi.org/10.59102/kufil/2023/iss4pp60-69)

Ә.Қ. Таңсықбай

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, 010000, Қазақстан Республикасы

«БАБЫРНАМАДА» ТУЫСТЫҚ АТАУЛАРДЫҢ БЕРІЛУІ

Туыстық атаулар лексикада маңызды орын алады. Бұл байлық түркі тілдерінде көрініс тапқан түркі мәдениетінен сыр шертеді. Туыстық атауларды ғылымның әртүрлі салалары, әсіресе тіл білімі, фольклористика және әлеуметтану зерттейді. Бұл мақалада шағатай әдебиетінің жарқын туындысы, Әмір Темірдің ұрпағы Захириддин Мұхаммед Бабырдың естелік кітабы – «Бабырнамдағы» туыстық атаулар қазіргі қазақ тілімен салыстырыла зерттеледі. Аталған еңбекті таңдау себебіміз – З.М. Бабыр аталған еңбекте туыстық атауларды көп қолданады. Мәселен, «Бабырнамда» өзінің және басқа да тарихи тұлғалардың шығу тегін көрсетіп отырады, ал туыстық атауларды қолданбай бұны жасау мүмкін емес. Зерттеу барысында сипаттамалық және лексикографиялық әдістер қолданылды. Зерттеу нәтижесінде 52 туыстық атау анықталды. Қазақ тілінде жиі қолданылатын ана, ата, ұл, аға, іні т.б. туыстық атаулардың шығу тегі қарастырылды. «Бабырнамда» мен қазіргі қазақ тілінде сақталған терминдердің басым бөлігі түркілік шығу текке ие екені белгілі болды.

Кілт сөздер: Бабырнамда, туыстық атаулар, лексика, шағатай тілі, этимология.

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Туыстық жүйе жалпы тіл білімінің, оның ішінде тарихи лексикология мен этнолингвистиканың орталық мәселелерінің бірі болған және болып қала береді. Туыстық қарым-қатынас дәстүрлі түрде қоғамдық қатынастардың негізі болып, адамның топтағы орнын анықтайды. Туыстық жүйе қоғамдық өмірді басқаратын және реттейтін қуатты және тиімді құрал ретінде әрекет етеді – бұл этнологтар мен әлеуметтанушылардың осы мәселеге қатысты ортақ пікірі.

Барлық туыстық атаулар, байланыстар мен қарым-қатынастар, рәсімдер мен ырым-жоралғылар түркі халқыларының көбісінде аздаған өзгерістермен бұл күнге дейін жетті және қазіргі қоғамға қызмет етуде. Тарихи лексикологияның ғылыми ұстанымдары бойынша туыстық атаулар хронологиялық шеңберде қарастырылуы қажет. Біздің қарастырайын деп жатқан ғасыр – XV ғасырдың соңы-XVI ғасырдың басы. Аталған уақыт аралығында Орталық Азиядағы жағдайлар егжей-тегжейлі қарастырылған еңбек – Захириддин Мұхаммед Бабырдың «Бабырнамасы». Аталған еңбек туыстық атауларға бай болғандықтан, осы мәдени қабаттың ерекшеліктерін түсіну үшін дереккөз ретінде таңдалды.

КІРІСПЕ

Туыстық жүйе әлеуметтік-нормативтік мәдениеттің ерекше қабатын құрайды және осылайша қоғам өмірінің барлық салаларына енеді. Туыстық қарым-қатынастар жүйесі күрделі және жан-жақты. Бұл жүйе белгілі бір халықтарға тән қарым-қатынастың көзқарастары мен дәстүрлерімен (мысалы, тұрғын үйлер мен киім-кешектердің орналасуы, ғұрыптар мен салттар) байланысты. Кез келген тілдің лексикасының ең көне әрі негізгі қорын құрайтындықтан, туыстық атаулар тіл мамандары үшін ерекше қызығушылық тудырады. Екінші жағынан, бұл лингвистикалық материал этнография және онымен байланысты пәндер бойынша еңбектерде адамзат қоғамының тарихына қатысты бірқатар мәселелерді шешу үшін жиі қолданылады. Тіл мамандары мен этнографтардың ынтымақтастығы нәтижесінде этнолингвистика сияқты ғылым саласы пайда болды [1, 22]. Қазақ тіл білімінде этнолингвистиканың негізін қалаушы ғалым Ә. Қайдар «Қазақтар: ана тілі әлемінде» атты этнолингвистикалық сөздігінде адамаралық қатынастарды екі топқа бөліп қарастырады: туыстық және жақындық. Ғалым атап өткендей, адамзат баласының арасындағы қарым-қатынастар (қоғамдық, қауымдық, туыстық, жақын-алыстық) – кез келген этностың даму барысында пайда болған өте көне де дәстүрлі құбылыстың көрінісі. Туыстық атауларды жүйелеуде ғалым оларды ұрпақтың өсіп-өнуіне байланысты талдап, үш арнаны келтіреді: ата жұрты, нағашы жұрты, қайын жұрты [2, 310]. Л. Покровская өзінің «Термины родства в тюркских языках» атты мақаласында түркі тілдеріндегі ортақ туыстық атаулардың мағыналық жағынан ауысуына назар аударып, біршама сөздің түпкі семасын ажыратып көрсетеді [3, 11]. В. Цинциус «К этимологии алтайских терминов родства» атты жұмысында қазіргі түркі тілдерінде кездесетін туыстық атаулардың шығу тегін қарастырған [4, 3]. Й.-С. Ли «Türk Dillerinde Akrabalık Adları» атты докторлық диссертациясында түркі тілдеріндегі түгел туыстық атаулардың этимологиясына қатысты деректерді келтірумен бірге, корей тіліндегі нұсқаларымен салыстырып көрсетеді [5, 576]. Э. Ташбаштың «The Turkic kinship system» мақаласында түркі тілдеріндегі туыстық жүйенің даму кезеңдері қарастырылады. Ғалым түркі тілдерінің барлығын қамтитын туыстық жүйені сипаттау қиындығы жайлы айтады, өйткені қазіргі түркі туыстық жүйелері уақыт өте келе прототүркілік не көне түркі жүйесінен ғана емес, өз ішінен де ажыратылды [6, 245]. Милан ван Берлоның «Kinship-term paradigms in the Transeurasian languages» [7] атты мақаласында туыстық терминологияның семантикасына назар аударып және ескі жапон тіліне ерекше сілтеме жасай отырып, Алтай тілдеріндегі туыстық-терминдік парадигмаларға шолу жасау мақсаты қойылған. Терминдер салыстырылады, бірақ терминдер арасында қандай да бір тұлғалық ұқсастықтардың болуы немесе болмауына емес, парадигмалардың құрылымына баса назар аударылады.

Шағатай тілі лексикасын зерттеу өзектілігі қазақ тілінің даму тарихын нақтылау мәселесімен түсіндіріледі. Мәселен, түркітануда шағатай тілін тек өзбек тілі шеңберінде қарастыру үрдісі бар. Шағатай тілінің орнына «ескі өзбек тілі» терминін қолдану да бар. Негізгі зерттеу нысаны мен мақсатынан ауытқымау үшін «шағатай тілі» мәселесіне көп тоқтала алмаймыз, тек жалпы пікірімізді жеткізген абзал – шағатай тілін тек бір түркі тілімен байланыстыруды қате деп санаймыз. Шағатай әдеби тілінде жазылған мұралар туысқан әр түркі халықтарының мұрағаттарында сақталған. Олардың қолжазбалары қазіргі тіліміздің, әдебиетіміздің, мәдениетіміздің, тарихымыздың қайнар бұлағы бола алады. Сондықтан шағатай тілінің жазба ескерткіштерінің мәтіндеріне лингвистикалық зерттеулер жүргізу маңызды. Бұл зерттеудің өзектілігін түсіндіреді. Зерттеу пәні – «Бабырнамада» туыстық атаулар жүйесінің берілуі. Зерттеу мақсаты – «Бабырнамадағы» туыстық атаулар негізінде түркі халықтарының туыстық жүйесін көрсету. Аталған зерттеу мақсатына сәйкес мынадай нақты міндеттер қойылған:

- Бабырнамадағы туыстық қатынас мағынасын білдіретін атауларды анықтау;
- оларға тілдік талдау жүргізу;
- қазіргі қазақ тілінде қолданылатын туыстық атаулармен салыстыру.

МАТЕРИАЛДАР МЕН ТӘСІЛДЕР

Мақалада туыстық атауларды егжей-тегжейлі зерттеу үшін ғылымда «Бабырнама» мәтіні нұсқаларының ішінде беделді және бастапқы дереккөзге жақыны деп саналатын хайдарабаттық қолжазба нұсқасына назар аударылды. Шағатай тілін тереңірек түсіну үшін түркі тілдері бойынша сөздіктер, грамматикалық нұсқаулықтар және басқа да лингвистикалық ресурстар қолданылды. Түркі тілдерінде туыстық атаулар тұтас жүйені құрайтыны мәлім. Туыстық жүйе халықтың қоғамдағы туыстық қатынастарды қалай жіктейтінін және отбасы мүшелеріне қатысты атауларды қалай анықтайтынын сипаттайды. Мақалада түркі тілдеріндегі туыстық жүйені қарастырған Ә. Қайдар, Е. Ташбаш, Ү. Хунутлу, М. Ыылдырым, Д. Холматова, Л. Покровская, В. Циниус, Йонг-Сонг Ли, М. Берло т.б. ғалымдардың еңбектері қолданылады.

Туыстық атауларды лингвистикалық зерттеудің негізгі әдістері әлі де сипаттамалық және лексикографиялық әдістер болып табылады. Сипаттамалық әдіс барлық туыстық терминдерді олардың мағыналары мен қолданыстарында дәйекті түрде қарастырудан көрінді. Тілдегі туыстық атаулар лексикалық қабаттардың ішінде байырғысы һәм тұрақтысы болғанымен, уақыт өте келе және әртүрлі факторлардың әсерінен бұл жүйенің өзгеруі мүмкін екенін ескеру маңызды. Сондықтан зерттеу жұмысымызда салыстырмалы әдіс те қолданылды: шағатай тілінде жазылған «Бабырнама» еңбегіндегі туыстық атаулар қазіргі қазақ әдеби тіл фактілерімен салыстырылады.

Түркі тілдеріндегі туыстық атаулардың этимологиясы көбінесе түркі халықтарының тарихы мен мәдениетімен байланысты. Түрік, өзбек, қазақ, қырғыз т.б түркі тілдері түркі тілдер семьясына жатады, олар өз кезегінде алтай тілдер семьясына кіреді. Түп негізі бір болғандықтан, ілгеріден бұл кезге дейін қолданылып келе жатқан туыстық атаулар, көп жағдайда, жалпытүркілік сипатқа ие. Дегенмен түркі тілдерінде әр алуан диалектілер мен тіл топтары бар екенін және олардың әрқайсысының өзіне ғана тән туыстық терминдері болуы мүмкін екенін айта кеткен жөн. Туыстық атаулардың этимологиясы түркілік түбірлермен, басқа түркі диалектілерінің синонимдерімен, сондай-ақ тарихи байланыстар кезінде басқа тілдерден алынған сөздермен байланысты болуы мүмкін. Осыған байланысты мақалада нақтылаулар жасау барысында Р. Сыздық, Дж. Клоусон, В. Егоров, А. Кононов сияқты этимолог ғалымдардың еңбектері қолданыс тапқан.

НӘТИЖЕЛЕР

«Бабырнама» еңбегі З.М. Бабырдың өмірін, басынан кешкен шытырман оқиғаларын, әскери жорықтарын, хандық ата-тегін суреттейтін бірегей тарихи-әдеби құжат. Бабыр өзінің ата-тегін сипаттауға, отбасының шығу тегі мен өз дәуірінің басқа маңызды әулеттерімен байланысын егжей-тегжейлі сипаттауға көп көңіл бөледі. Ол ата-бабалары жайлы мәлімет беру барысында өзінің шығу тегі атақты жаулап алушылар мен империялардың негізін қалаушылар Темір мен Шыңғыс хан деп көрсетеді. Әкесі Ақсақ Темірдің ұрпағы Омар Шайх Мырза болса, анасы – Шыңғыс әулетінен шыққан Жүніс ханның қызы.

«Бабырнамада» ата-текке байланысты лексемаларды келесідей аспектілерде кездестіруге болады: әулеттің шығу тегі: Бабыр өзінің әулетінің, яғни бабуридтердің шығу тегін сипаттап, өзінің арғы атасы болған Ақсақ Темірмен байланысын атап көрсетеді; басқа әулеттермен байланыстары: Бабыр өз әулеті тимуридтердің шағатайлар сияқты өз дәуірінің басқа да ықпалды әулеттерімен байланысына мән береді; ата-анасы туралы мәлімет: ол ата-анасын сипаттай отырып, олардың жетістіктері мен тарихқа қосқан үлесін атап көрсетеді; балалары мен ұрпақтары жайлы мәлімет: «Бабырнамада» Бабырдың балалары мен ұрпақтары туралы мәліметтер де бар. Ол өз балалары және олардың тарихта алатын маңызды орнын, мысалы, әулетінің Үндістанда билік етуін баяндайды. Ол сондай-ақ өзінің жұбайларына, олардың шығу тегі мен туыстық байланыстарына назар аударады. Осыған қоса

«Бабырнамада» З.М. Бабыр көптеген адамдардың есімдерін бергенде, олардың кім екенін, шығу тегі қандай екенін көрсетіп отырады.

Еңбекте өзінің және өзге адамдардың шығу тегін көрсету тек мәлімет беру үшін ғана емес, сондай-ақ биліке құзыретті екенін көрсету үшін һәм билік заңдылығын анықтауға да қызмет етеді. Әрине, өйткені Түркі империяларының саяси құрылымы мен басқаруында туыстық байланыстар мен туыстық жүйелер маңызды рөл атқарды. Билік отбасы немесе ру ішінде мұраға қалдырылатын еді және бұл көптеген түркі қоғамдарына ортақ қасиет болды. Түркі империяларының билеушілері үшін туыстық байланыстар заңдылықтың маңызды көзі болды. Сонымен қатар туыстық атаулар сол кездегі дәстүрлі құндылықтарды көрсетеді. Айталық, үлкенді сыйлау, жеке тұлға мен әлеуметтік тәртіпті қалыптастырудағы отбасының рөлі т.б.

Бір-біріне жақындық жағдайын қанмен де, некемен де түрліше сипаттағанда, әдетте туыстық атауларды қолданамыз. Зерттеу нәтижесінде «Бабырнамада» [8] 52 туыстық атау тіркелгені анықталды: *abağa, ağa, ağa-ini, ağaçe, 'amm, 'amm-zāde, ana, ata, avrat, baba, birāder-zāde, dada/ dede, cedd, égeçi, eke, émildaş, ér, evlād, ferzend, gāherzāde, ğuma, ğunçaçı, hāla, hatun, ini, ini-oğ(u)l, içke, kökeldaş, küyev, kiçik, qarı ata, qayaş, qayn ata, qay(i)n ini, qoşa, qoşla, qız, qızıl, nebīre, nebīre-i nebīre, oĝlan/ oĝ(u)l, oĝulluq, siñ(i)l/ siñli, şaĝayi/ taĝayi, tuqqan, tuqqanlıq, uluĝ ana, uruq, uşaq, vālide, yegen, yezne.*

Олай болса, «Бабырнамадағы» көптеген туыстық атаулардың қолданылуы З.М. Бабырдың жеке өмірін баяндау үшін қолдануынан ғана емес, сонымен бірге туыстық қатынастар маңызды орын алған өз дәуірінің жалпы мәдени-әлеуметтік контекстіне де сәйкес келеді.

«Бабырнамада» тіркелген туыстық атаулардың көбісі қазіргі қазақ тілінде сақталған және белсенді лексикалық қабатқа жатады. Атап айтқанда: *ağa (аға), ağa-ini (ағайын), ana (ана), ata (қазақ тілінде көнерген мағынасы – «әке»), ér (ер, күйеу), ferzend (перзент), ini (іні), küyev (күйеу), qayn ata (қайын ата), qoşa (қосақ), qız (қыз), nebīre (немере), oĝlan/ oĝ(u)l (ұл), siñ(i)l/ siñli (сіңіл/ сіңлі), tuqqan (туған), uruq (ұрық/ ұрпақ), yegen (жуен), yezne (жезде).* Мағына жағынан да, дыбыстық жағынан да біршама ауытқулар бар, ал жалпы алғанда «Бабырнамадағы» бұл туыстық атаулардың барлығы қазіргі қазақ тіліндегі нұсқаларға сәйкес келеді. Дж. Клоусонның этимологиялық сөздігіне [9] сүйеніп, келтірілген лексемалардың шығу тегіне мән беретін болсақ, көнетүркілік: *ana, ata, ér, ini, küyev, qayn ata, qoşa, qız, oĝlan/ oĝ(u)l, siñ(i)l/ siñli (сіңіл/ сіңлі), tuqqan, uruq, yegen, yezne,* моңғолдық: *ağa, ağa-ini* (моңғол + түркі), араб-парсылық: *ferzend, nebīre.* Демек, «Бабырнамада» тіркелген, сәйкесінше шағатай тілінде қолданылған туыстық атаулардың басым бөлігі алтайлық (түркі, моңғол) негізге ие және қазіргі қазақ тілінде қолданылып жүр. Экстралингвистикалық факторларға байланысты кейбір атаулар көнерді. Мысалы, *ĝuma* атауының қазақ тіліндегі тұлғасы – құма. Р. Сыздық: «... көне түркі-моңғол хандықтарындағы билеуші әулеттің некелі жұбайлары *хатун* (қатын) деп, ал жаулап алған тайпаның билеушілерінің қатын-қыздарын, қарындастарын әйел еткенде, олар *құма* деп аталған» [10, 116], – деп көрсетеді. Енді белсенді қолданыстағы туыстық атауларға мән берейік.

ТАЛҚЫЛАУ

Ağa (аға) лексемасын тек туыстық жүйе шеңберінде қарастыратын болсақ, бұл – бірге туған, туысқан, ағайындас, атадас, рулас ер адамдардың патрулиния (әке) жағынан жасы үлкені. «Бабырнамада» [8] бұл мағынада келесідей тұлғаларда кездеседі: *ağa* (31a/3, 69b/3, 70a/2, 73b/13, 73b/14, 78a/9, 79b/14, 89a/14, 93a/6, 99b/10, 108b/4, 127a/3, 186b/12), *ağa+durlar* (31b/11), *ağa+sı* (6a/9, 8a/11, 12b/9, 17a/13 23a/8, 24a/11, 26b/12, 39b/12, 55a/1, 55a/2, 67a/10, 70a/2, 70a/10, 71b/13, 71b/13, 110b/12), *ağa+sıniñ* (12b/13, 72a/8, 72b/11), *ağa+sıĝa* (30a/2, 57a/12, 72b/11), *ağa+larıĝa* (12a/3), *ağa+lar* (35b/9). *Ağa-ini* (166b/11) – ағайын «аға» және «іні» туыстық атауларының кірігуі арқылы пайда болып, «туысқандар» жалпы мағынасын беретін туыстық атау.

«Бабырнамада» қолданылу жиілігі жоғары туыстық атаулардың бірі – ана < көнетүрк. ана [9, 169] келесідей тіркелген: *ana* (16a/5, 54a/2, 71b/5, 73b/3, 75b/2, 75b/2, 83a/2, 89b/7, 93b/7, 119b/1, 205b/7), *ana+m* (8b/5, 9a/10, 24b/8, 24b/10, 24b/12, 24b/12, 27b/11, 53a/11, 64b/9, 70b/5, 75a/14, 91a/6, 96a/11, 96a/13, 96b/10, 97b/17, 101b/9, 108a/1, 156b/12), *ana+mğa* (102a/4), *ana+mni* (55b/2, 55b/2), *ana+mniñ* (14b/12, 20a/14, 27a/6, 53a/11, 96b/10), *ana+sı* (8b/6, 8b/7, 9a/9, 9b/9, 14b/12, 17b/13, 18a/11, 20a/9, 21b/13, 26b/14, 27a/1, 27a/2, 27a/4, 27a/6, 27b/10, 28a/3, 28a/5, 28a/13, 28b/2, 53a/11, 68a/16, 70b/5, 79b/14, 96a/14, 97a/8), *ana+siniñ* (20a/12, 113b/11), *ana+ları* (11b/3, 27b/7, 96b/2), *ana+larığa* (101b/9), *ana+larımdın* (53a/11). ДТС-та «ана» мағынасында *aba*, *ana*, *apa*, *hana* [11, 1, 4, 5] түрінде кездеседі. Әзірбайжан, қазақ, қарақалпақ, құмық, ноғай, татар, ұйғыр тілдерінде «ана» тұлғасында, ал алтай, қырғыз, түркімен, шор тілдерінде «эне» күйінде қолданылады. «Сәби сүйген әйел» мағынасынан басқа мағыналарға да ие: моңғол тілінде «әйел», тыва тілінде «тәте» мағынасында қолданылады [12, 29].

Ата < көнетүрк. ата [9, 40] – әке. «Бабырнамада»: *ata* (63a/14, 69a/15, 75a/9, 102a/17, 144a/10), *ata+niñ* (102a/18), *ata+mniñ* (70b/5, 96a/14, 110b/11, 111b/5), *ata+sı* (64b/15, 65a/2, 69a/6, 69b/2, 78a/7, 79a/3, 106a/13, 113b/11), *ata+siniñ* (69a/7, 80a/2), *ata+sıdın* (69a/6). «Чуваш тілінің этимологиялық сөздігі» бойынша, чуваш тілінде *атте*, көне түркі, әзірбайжан, түркімен, түркі, қырғыз, ұйғыр, шағатай, қарақалпақ, құмық тілдерінде *ата*, тыва тілінде *ада*, *ача*, хакас тілінде *ада*, *аба*, өзбек тілінде *ота* – «әке»; қазақ, ноғай, татар, башқұрт тілдерінде *ата* «әке», «еркек» мағынасын береді [12, 36]. Бір айтатын жайт, қазіргі кезде *ата* тұлғасы туыстық тұрғыдан «әкенің әкесі» мағынасында ғана қолданылады, ал «әке» мағынасында тек паремиялар мен басқа тұрақты тіркестерде, сондай-ақ *ата-ана* қос сөзінде сақталған.

Ferzend < Fär. ұл, перзент: *ferzend* (16b/6, 7a/9, 86b/7, 220a/8). Й.-С. Лидің пікірінше, парсы тілінен түркі тілдеріне енген бұл атау шағатай мәтіндерінен бастап кездеседі [5, 194-195]. Алайда Ү. Хунутлу мен М. Йылдырымның көрсетуінше, бұл сөз аталған мағынада одан бұрын алғаш рет көне ұйғыр тілінде жазылған «Хуастуанифт» еңбегінде тіркелген [13, 8].

Ini < көнетүрк. ini [9, 170] – іні [11, 210]: *ini* (59b/2, 99b/8, 119b/3, 99b/10, 119b/4), *ini+m* (108b/11, 110b/10), *ini+si* (13a/11, 15a/7, 19a/12, 19b/7, 20b/13, 22b/2, 29b/2, 32b/2, 33a/3, 33b/3, 35a/12, 35b/3, 38a/1, 43a/12, 50b/10, 57a/6, 58a/7, 66b/16, 67b/4, 69b/3, 72a/4, 73b/13, 73b/14, 74b/6, 76b/10, 77b/4, 77b/5, 78a/9, 82a/2, 84a/12, 84a/14, 87b/14, 88a/6, 89a/14, 90b/11, 99b/14, 105b/17, 108b/4, 109a/14, 119b/9, 166b/4, 190a/2), *ini+sige* (41a/7), *ini+siniñ* (93a/6), *ini+leri* (70a/3, 96b/2), *ini+leriğa* (101b/9), *ini+leridin* (65b/7).

Ođlan < көнетүрк. ođlan [9, 85] – ұл: *ođlan* (8b/14, 19b/12, 25b/13, 85b/1), *ođlan+lar* (11b/2), *ođlan+lardın* (26b/14, 62b/9, 102b/8), *ođlan+ları* (9b/9, 26a/5, 28a/9, 36a/10, 56b/8, 57b/10, 169a/13), *ođlan+larığa* (30a/10, 76b/3), *ođlan+larıdın* (8b/4, 18a/11), *ođlan+larını* (24a/3, 25b/14, 63a/14), *ođlan+larınıñ* (10a/11, 25b/14, 28b/12). Ođ(u)l < көнетүрк. ođul [9, 83] – ұл: *ođul* (8b/3, 8b/5, 8b/7, 9b/1, 10b/11, 11b/7, 19b/9, 20a/2, 21a/7, 26b/13, 27a/1, 27a/2, 27a/3, 27a/5, 28a/13, 28b/2, 171a/12, 220a/10), *ođl+ı* (5b/11, 6a/8, 6b/5, 6b/6, 6b/7, 6b/8, 8b/13, 9b/4, 10a/7, 10a/9, 10b/10, 11a/7, 12a/1, 12a/5, 12a/8, 12a/14, 13a/10, 16a/4, 19b/12, 20b/9, 21b/6, 22b/7, 23a/9, 23b/1, 24a/11, 25b/3, 27a/9, 27b/5, 28a/7, 30a/9, 34a/3, 41a/13, 41b/5, 42b/7, 46a/6, 50a/6, 50a/7, 50a/8, 50b/3, 50b/6, 55b/5, 57b/4, 57b/11, 57b/14, 58a/10, 68a/14, 71b/11, 72a/11, 75b/1, 76b/14, 78a/9, 79a/8, 80a/1, 80a/14, 80b/11, 80b/13, 89a/15, 90b/10, 95b/12, 98a/14, 98a/15, 98b/4, 109b/15, 112a/15, 113b/11, 118b/8), *ođl+ığa* (9a/12, 27b/2), *ođl+ını* (12a/3, 42a/3, 59b/2), *ođl+ınıñ* (28a/5, 41a/13, 80a/14), *ođl+um* (41a/7, 119b/4). Түркі тілдерінде берілуі: көне түркі, ұйғыр, әзірбайжан, түрік, түркімен тілдерінде – оғул; өзбек тілінде – уғил; хорасан, қарайым тілдерінде – увул; қырғыз, алтай, ойрат тілдерінде – уул; ғағауыз, тыва, хакас тілдерінде – оол; қазақ, қарақалпақ, ноғай, башқұрт, татар тілдерінде – ұл, якут тілінде – уол. Бәрі де «ұл» мағынасында қолданылады. Ғалымдар арасында бұл сөздің шығу тегі жөнінде ортақ пікір жоқ. Айталық, А.Н. Бернштам: «Көне түркі әдеби және якут тілдерінің мысалдарына сүйенсек, *оғұл* терминінің бастапқыда жалпы ұрпақты білдіретіні, кейіннен еркек пен әйел болып жынысына қатысты ажыратылып, кейінірек *оғұл* – ұл және *қыз* – қыз деп нақтыланғаны белгілі» [14, 97]. Ғалымның пікірінше, *оғұл* – *оқ* «тұқым/ род» + *құл* «құл/ раб» сөздерінен құралған күрделі сөз, сәйкесінше *оғұл* – «тұқымның құлы». Бұл құлдықтың белгілі бір түрінің жаңғырығы, генетикалық тұрғыдан

бейімделумен, асырап алумен, тұқымға қабылдаумен байланысты. А.Н. Кононов та оғулды біріккен сөз деп таниды, бірақ құрамдас бірліктердің мағынасын өзгеше көрсетеді: «көне түркі тілінде *oğ* «ана. Палатализацияның жоғалуымен *ok ~ og* «тұқым», «тайпа» мағынасына ие болды, ал *ul* «кіші апа» мағынасын беретін *ciñ-il* сөзіндегідей кішірейткіш мағына береді. Сондықтан оғул «кіші (кішік) ана» > «ұрпақ» дегенді білдіреді. Руналық ескерткіштерде ұрпақтың белгілі бір жынысқа жататындығы арнайы лексемалар арқылы нақтыланған: *ұры оғул* «ұлы», *қыз оғул* «қызы». Оғул сөзі кейін «ұл» деген мағынаға ие болды [15, 175-176]. Демек бұл атау бастапқыда жалпы ұрпақ мәнінде қолданылып, кейіннен жыныстық ажырату үдерісі нәтижесінде мағынасы тарылып, тек «ұл» мағынасына ие болды. Тілде жыныстық ажырату мұқтажы туғандықтан жаңа тілдік бірліктердің пайда болуы жайлы түркі тілдеріндегі туыстық жүйенің даму кезеңдерін қарастырған ғалым Э. Ташбаш та өз еңбегінде [6] сөз етеді.

Yegen – *ini/ жиен/ жиеншар: yegen+i* (206b/11). Шығу тегі жайлы ортақ пікір жоқ. Л.А. Покровская туыстық атаудың қазіргі түркі тілдерінде көп жағдайда әйел жағынан туысты білдіретін айтады. Оның пікірінше, «жиен, немере» деген бірінші мағынаға сүйене отырып, семантиканың кеңеюі екі бағытта жүрді: «жиен» және сәйкесінше «немере», одан кейін «әйел тегі бойынша жиен» > «жалпы жиен», «әйел жағы бойынша немере» > «жалпы немере» [3, 52]. Дж. Клоусон *jegin ~ jegin* атауының бастапқы мағынасы ретінде «кіші әпкенің немесе қыздың ұлы» деп санайды [9, 912–913]. Орта ұйғыр тілінен бастап көптеген түркі тілдерінде бұл сөздің әр түрлі фонетикалық варианттары апа-сіңліден жиенді немесе қыз жағынан немерені білдіру үшін қолданылады [5, 211–215].

Сондай-ақ «Бабырнамада» тіркелген, қазіргі қазақ тілінде қолданылып жүрген туыстық атауларға қысқаша шолу: *ér* < көнетүрк. *ér* [9, 192] – ер, күйеу: *ér+ge* (80a/14). «Күйеу» туыстық мағынасында қазақ тілінде «батыл адам» мағынасымен қатар қолданылып жүр. Күйеу < көнетүрк. *küdegü* [9, 703] – күйеу: *küeyev qıl* (6a/12), *küeyev+i* (23b/1, 50b/4). *Qayn ata* < көнетүрк. *qadın ata* [9, 602] – қайын ата: *qayn ata* (5b/11, 56b/4). *Qoşa* < көнетүрк. *qoşa* [9, 671] – жұбы, жұбайы: *qoşa+sığa* (118b/1). Қазақ тілінде бұл мағынада «қосағыңмен қоса ағар» сияқты тұрақты тіркестерде ғана қолданылып жүр. *Qız* < көнетүрк. *qız* [9, 679] – *qız* (8b/4, 9a/6, 9a/7, 9a/8, 10b/11, 11a/3, 11a/6, 11b/7, 12b/4, 20a/1, 20a/3, 20a/7, 20a/9, 20a/11, 20b/8, 26b/13, 27a/8, 27a/13, 27b/1, 27b/4, 27b/4, 27b/10, 27b/13, 27b/14, 28a/5, 28b/2, 35b/11, 57b/5, 168a/2), *qız+dın* (11b/14), *qız+i* (9b/3, 9b/11, 10b/7, 10b/9, 11a/7, 11b/4, 11b/5, 12a/7, 12b/1, 12b/4, 18a/12, 19b/9, 20a/5, 20a/14, 27a/1, 27a/6, 27b/2, 27b/9, 28a/2, 28a/7, 29b/10, 86b/5, 97a/11), *qız+ıdın* (11b/8), *qız+iğa* (20a/12, 38a/14), *qız+ını* (24a/12, 35b/10, 69a/12, 75a/8), *qız+ınıñ* (16a/8, 28a/13, 28b/2), *qız+lardıñ* (8b/8), *qız+lardıñ* (11b/3), *qız+ni* (11a/7). *Nebire* < парсы тіліндегі *nabira* – немере: *nebire* (97a/11), *nebire+leri* (118b/8), *nebire+si* (9b/11, 20b/8, 27a/4, 27a/13, 28a/4, 35b/11, 46a/6, 50b/3, 97a/13, 168a/3), *nebire+sinıñ* (97a/13). *Siñ(i)* < көнетүрк. *siñil* [9, 839] – сіңілі: *siñil* (96a/13), *siñil+leri* (96b/2, 102a/15), *siñil+i* (27a/6, 168a/3, 205b/7). *Siñli* < көнетүрк. *siñil* [9, 839] – сіңлі: *siñli+lerim* (16a/3), *siñli+si* (21b/7), *siñli+isi* (21b/12). *Tuqqan* < көнетүрк. *tuğmış* [9, 521] – туған (бір анадан туған): *tuqqan* (71b/14, 96b/10, 97a/11, 98b/9, 101a/20, 173a/7), *tuqqan+larını* (96b/5), *tuqqan+larım* (108b/5). *Uruq* < көнетүрк. *uruğ* [9, 214] – ұрпақ: *uruq* (91a/7, 96b/8, 97a/9, 98a/2, 126b/8), *uruq+ni* (77b/7, 96b/7, 99b/2), *uruq+lari* (86a/10), *uruq+lardıñ* (168b/10), *uruq+larım* (86b/3), *uruq+ınıñ* (100b/10). *Yezne* < көнетүрк. *yezne* [9, 988] – жезде: *yezne+si* (63a/3).

Сонымен түркі халықтары, оның ішінде қазақ халқы үшін туыстық байланыстардың берік болуы, отбасының қоғамның тірегі болуы да тіл лексикасының туыстық атауларға бай болуына ықпал етті. Шағатай дәуіріне жататын З.М. Бабырдың «Бабырнамасында» 52 туыстық атау анықталған. Оның ішінде қазір қазақ тілінде қолданылатындары: *ağa* (аға), *ağa-ini* (ағайын), *ana* (ана), *ata* (қазақ тілінде көнерген мағынасы – «әке»), *ér* (ер, күйеу), *ferzend* (перзент), *ini* (іні), *küeyev* (күйеу), *qayn ata* (қайын ата), *qoşa* (қосақ), *qız* (қыз), *nebire* (немере), *oğlan/ oğ(u)l* (ұл), *siñ(i)l/ siñli* (сіңіл/ сіңлі), *tuqqan* (туған), *uruq* (ұрық/ ұрпақ), *yegen* (жиен), *yezne* (жезде). Шығу тегі бойынша баршасы көне түркі тілінен шыққан. Бұл лексемалардың тұлға мен мағынаны сақтауы заңды, өйткені туыстық жүйе мен отбасылық құндылықтар

түбегейлі өзгермеген. Айта кететін жайт, кейбір атауларда тілдің даму барысында мағынаның тарылуы анықталған. Мәселен, қазіргі қазақ тілінде «сын» мағынасын беретін ұл атауы, «Бабырнамада» – *oğul*, бұрындары жалпы ұрпақ мағынасында қолданылған. Бұл кейбір туыстық атаулардың о баста жалпы мәнге ие болғандығын көрсетеді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Туыстық терминология ең көне лексикалық қабаттардың бірі және өзінің тарихының күрделілігіне байланысты тілдің негізгі лексикалық құрамында ерекше орын алады. Туыстық жүйенің тілдік қана емес, әлеуметтік құбылыс екені, туыстық атаулардың әлеуметтік, тарихи, этнографиялық астармен байланысты екені даусыз. Туыстық атаулар белгілі бір жүйені білдіреді және бұл жүйелер әртүрлі халықтар арасында, әртүрлі диалектілер мен говорларда ерекшеленеді. Туыстық қатынастар терминдерін зерттей отырып, әртүрлі халықтардың көп ғасырлық тарихын, әлеуметтік қатынастардың даму тарихын талдауға болады.

Тіліміздің сөздік құрамындағы көптеген өзгерістер мен құбылыстарды оның тарихын жан-жақты қарастыру арқылы ғана анықтауға болады. Әрбір тарихи кезеңдегі тілдің қандай күйде болғанын айғақтайтын жазба мұраларды зерттеу аса маңызды. Бұл жұмыста қазақ ұлттық тілінің қалыптасуына ұйытқы болған шағатай тілінде жазылған З.М. Бабырдың «Бабырнама» еңбегіндегі туыстық атаулар қарастырылған. Зерттеу нәтижесінде 52 туыстық атау анықталды. Қазақ тілінде жиі қолданылатын ана, ата, ұл, аға, іні т.б. туыстық атаулардың шығу тегі сөз етілді. «Бабырнама» мен қазіргі қазақ тілінде сақталған терминдердің басым бөлігі түркілік шығу текке ие екені белгілі болды. Олар басқа түркі халықтарының көпшілігінде көрініс табады. Бұл түркі халықтары өз туыстық атауларын барынша сақтап қалғандығын көрсетеді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Kholmatova D. Peculiarities of kinship terminology in Turkic languages, *Universum: filologiya i iskusstvovedenie* [Universum: philology and art criticism], 9 (87), 21-23 (2021) [Ағылшын тілінде].
- 2 Қайдар Ә. Қазақтар: ана тілі әлемінде (этнолингвистикалық сөздік). – Алматы: Дайк-Пресс, 2009. – Т. 1. Адам. – 780 б.
- 3 Покровская Л.А. Түркі тілдеріндегі туыстық терминдер // Түркі тілдері лексикасының тарихи дамуы. – Мәскеу: АН СССР, 1961. – 11-81 б. [Орыс тілінде]
- 4 Цинциус В.И. Алтай туыстық терминдерінің этимологиясы туралы // Алтай тілдерінің салыстырмалы лексикологиясының очерктері. – Ленинград: Наука, 1972. – 80 б. [Орыс тілінде]
- 5 Li Y.-S. Türk Dillerinde Akralik Adları [Түркі тілдеріндегі туыстық атаулар]. – Анкара: Türk Dil Kurumu Yayınları, 2020. – 576 б. [Түрік тілінде]
- 6 Tashbash E. The Turkic kinship system // *Acta Orientalia Academiae Scientiarum Hung* – 2019. – № 72 (2). – P. 245-258. [Ағылшын тілінде]
- 7 Berlo M. Kinship-term paradigms in the Transeurasian languages // *The Oxford Guide to the Transeurasian Languages*. First edition. – Oxford University Press, 2020. – P. 691-702. [Ағылшын тілінде]
- 8 Thackston W.M. Zahiruddin Muhammad Babur Mirza Baburnama, Chaghatay Turkish Text with Abdul-Rahim Khankhanan's Persian Translation; Turkish Transcription, Persian Edition and English Translation. – Harvard University, 1993. – Part I-III. – 904 p. [Ағылшын тілінде]
- 9 Clauson G. An Etymological Dictionary Of Pre-Thirteenth-Century Turkish. – Oxford: At The Clarendon Press, 1972. – 989 p. [Ағылшын тілінде]
- 10 Сыздықова Р. Сөз құдіреті. Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Ел-шежіре», 2014. – Т. 6. – 295 б.
- 11 Көнетүркілік сөздік. – Ленинград: «Наука», 1969. – 676 б. [Орыс тілінде]

- 12 Егоров В.Г. Этимологический словарь чувашского языка [Чуваш тілінің этимологиялық сөздігі]. – Чебоксары: Чувашское книжное издательство, 1964. – 357 б. [Орыс тілінде]
- 13 Hunutlu Ü., Yildirim M. Köktürk ve Eski Uygur Yazılı Ürünlerinde Akralılık Adları [Көктүрк және көне ұйғыр жазба ескерткіштеріндегі туыстық атаулар] // Recep Tayyip Erdoğan Üniversitesi Fen Edebiyat Fakültesi Türk Dili ve Edebiyatı Dergisi. – 2023. – № 4/1 – 1-26 p. [Түрік тілінде]
- 14 Бернштам А.Н. Оуул «ұл» сөзінің семантикасы // Тіл және ойлау. – Т. IX. – М.- Л, 1940. – 97 б. [Орыс тілінде]
- 15 Кононов А.Н. Оғул «ұл» сөзінің этимологиясы хақында // Моңғол халықтарының филологиясы мен тарихы. Б. Я. Владимирцовты еске алуға арн. – М., 1958. – 175-176 б. [Орыс тілінде]

Материал 05.09.2023 баспаға түсті

Термины родства в «Бабурнаме»

А.К. Тансыкбай

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, 010000, Республика Казахстан

Родственные имена занимают важное место в словарном запасе. Это богатство раскрывает тюркскую культуру, отраженную в тюркских языках. Термины родства изучаются различными отраслями науки, особенно лингвистикой, фольклористикой и социологией. В данной статье в сравнении с современным казахским языком изучаются термины родства, зафиксированные в ярком произведении чагатайской литературы – в книге памяти потомка Амир Темира Захириддин Мухаммед Бабура, «Бабурнаме». Причиной этого выбора является то, что З.М. Бабур использует в этом произведении много терминов родства. Например, в «Бабурнаме» автор указывает на происхождение самого себя и других исторических личностей, причем сделать это без использования терминов родства невозможно. При изучении использовались описательный и лексикографический методы. В результате исследования выявлено 52 терминов родства. Изучается этимология ана, ата, ул, ага, ини и т.д., которые часто используются в казахском языке. Было определено, что большинство терминов родства в «Бабурнаме», сохранившиеся в современном казахском языке, имеют тюркское происхождение.

Ключевые слова: Бабурнаме, термины родства, лексика, чагатайский язык, этимология.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Kholmatova D. Peculiarities of kinship terminology in Turkic languages, Universum: filologiya i iskusstvovedenie [Universum: philology and art criticism], 9 (87), 21-23 (2021). [На английском языке]
- 2 Кайдар А. Қазақтар: ана тілі әлемінде (этнолингвистикалық сөздік) [Казахи: в мире родного языка (этнолингвистический словарь): Человек]. – Алматы: Дайк-Пресс, 2009. – 780 с. [На казахском языке]
- 3 Покровская Л.А. Термины родства в тюркских языках // Историческое развитие лексики тюркских языков. – Москва: Изд-во АН СССР, 1961. – С. 11-81.
- 4 Цинциус В.И. К этимологии алтайских терминов родства // Очерки сравнительной лексикологии алтайских языков. – Ленинград: Наука, 1972. – 80 с.
- 5 Ли Йонг-Сонг. Türk Dillerinde Akralılık Adları [Родственные имена в тюркских языках]. – Анкара: Türk Dil Kurumu Yayınları, 2020. – 576 с. [На турецком языке]
- 6 Tashbash E. The Turkic kinship system // Acta Orientalia Academiae Scientiarum Hung – 2019. – № 72 (2). – P. 245-258. [На английском языке]

- 7 Berlo M. Kinship-term paradigms in the Transeurasian languages // The Oxford Guide to the Transeurasian Languages. First edition. – Oxford University Press, 2020. – P. 691-702. [На английском языке]
- 8 Thackston W.M. Zahiruddin Muhammad Babur Mirza Baburnama, Chaghatay Turkish Text with Abdul-Rahim Khankhanan's Persian Translation; Turkish Transcription, Persian Edition and English Translation. – Harvard University, 1993. – Part I-III. – 904 p. [На английском языке]
- 9 Clauson G. An Etymological Dictionary Of Pre-Thirteenth-Century Turkish. – Oxford: At The Clarendon Press, 1972. – 989 p. [На английском языке]
- 10 Сыздыкова Р. Сөз құдіреті. Көп томдық шығармалар жинағы [Сила слов. Многотомное собрание сочинений]. – Алматы: «Ел-шежіре», 2014. – Т. 6. – 295 с. [На казахском языке]
- 11 Древнетюркский словарь. – Ленинград: «Наука», 1969. – 676 с.
- 12 Егоров В.Г. Этимологический словарь чувашского языка. – Чебоксары: Чувашское книжное издательство, 1964. – 357 с.
- 13 Хунтулу У., Ыылдырым М. Köktürk ve Eski Uygur Yazılı Ürünlerinde Akrabalık Adları [Родственные имена в кокчюркской и древнеуйгурской письменности] // Recep Tayyip Erdoğan Üniversitesi Fen Edebiyat Fakültesi Türk Dili ve Edebiyatı Dergisi. – 2023. – № 4/1 – 1-26 с. [На турецком языке]
- 14 Бернштам А.Н. К семантике термина оуул «сын» // В кн. Язык и мышление. Т. IX. – М.-Л, 1940. – С. 97
- 15 Кононов А.Н. К этимологии слова оғул «сын» // Филология и история монгольских народов. Памяти акад. Б. Я. Владимирцова. – М., 1958. – С. 175-176.

Материал поступил в редакцию журнала 05.09.2023

Kinship terms in «Baburnama»

A.Q. Tansyqbai

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, 010000, Republic of Kazakhstan

Related names occupy an important place in the vocabulary. Terms of kinship are studied in various branches of science, especially linguistics, folklore and sociology. In this article, the terms of kinship recorded in the work of Chagatai literature (the book in memory of the descendant of Amir Temir Zahiriddin Muhammad Babur, «Baburnama») are studied. The reason for this choice is that Z.M. Babur uses many kinship terms in this work.

For example, in «Baburnama» the author indicates the origin of himself and other historical figures, which is impossible to do without using the terms of kinship. The study used descriptive and lexicographic methods. As a result of the study, 52 terms of kinship were identified. The etymology of the words ana, ata, ul, aga, ini, and other words, which are often used in the Kazakh language, is being studied. It was determined that most of the terms of kinship in «Baburnama», preserved in the modern Kazakh language, are of Turkic origin.

Key words: Baburnama, kinship terms, vocabulary, Chagatai language, etymology.

REFERENCES

- 1 Kholmatova D. Peculiarities of kinship terminology in Turkic languages, Universum: filologiya i iskusstvovedenie [Universum: philology and art criticism], 9 (87), 21-23 (2021). [in English]
- 2 Qaidar A. Qazaqtar: ana tili aleminde (etnolingvistikalıyq sozdik) T. 1. Adam [Kazakhs: in the world of their native language (ethnolinguistic dictionary). T. 1. Man] (Almaty, 2009). [in Kazakh]
- 3 Pokrovskaya L.A. Terminy rodstva v tyurkskih yazykah [Terms of kinship in the Turkic languages], Istoricheskoe razvitie leksiki tyurkskih yazykov [Historical development of the vocabulary of the Turkic languages] (Moscow, 1961). [in Russian]

- 4 Cincius V.I. K etimologii altajskih terminov rodstva [On the etymology of the Altaic terms of kinship], Ocherki sravnitel'noj leksikologii altajskih yazykov [Essays on the comparative lexicology of the Altaic languages] (Leningrad, 1972). [in Russian]
- 5 Li Y.-S. Türk Dillerinde Akrabalık Adları [Terms of kinship in Turkic languages] (Ankara, 2020). [in Turkish]
- 6 Tashbash E. The Turkic kinship system // Acta Orientalia Academiae Scientiarum Hung – 2019. – № 72 (2). – P. 245-258. [in English]
- 7 Berlo M. Kinship-term paradigms in the Transeurasian languages // The Oxford Guide to the Transeurasian Languages. First edition. – Oxford University Press, 2020. – P. 691-702. [in English]
- 8 Thackston W.M. Zahiruddin Muhammad Babur Mirza Baburnama, Chaghatay Turkish Text with Abdul-Rahim Khankhanan's Persian Translation; Turkish Transcription, Persian Edition and English Translation. – Harvard University, 1993. – Part I-III. – 904 p. [in English]
- 9 Clauson G. An Etymological Dictionary Of Pre-Thirteenth-Century Turkish. – Oxford: At The Clarendon Press, 1972. – 989 p. [in English]
- 10 Syzdyqova R. Soz qudireti [The power of a word] (Almaty, 2014). [in Kazakh]
- 11 Drevnetyurkskij slovar' [Ancient Turkic dictionary] (Leningrad, 1969). [in Russian]
- 12 Egorov V.G. Etimologicheskij slovar' chuvashskogo yazyka [Etymological dictionary of the Chuvash language] (Cheboksary, 1964). [in Russian]
- 13 Hunutlu U., Yildirim M. Kokturk ve Eski Uygur Yazılı Urunlerinde Akrabalık Adları [Kindness substantive in Kokturk and Old Uyghur written products], Recep Tayyip Erdogan Universitesi Fen Edebiyat Fakultesi Turk Dili ve Edebiyatı Dergisi [Recep Tayyip Erdogan University Faculty of Arts and Sciences Journal of Turkish Language and Literature], 4/1, 1-26 (2023). [in Turkish]
- 14 Bernshtam A.N. K semantike termina oyul «syn» [On the semantics of the term oyul «son»], Yazyk i myshlenie [Language and thinking] (Moscow-Leningrad, 1940). [in Russian]
- 15 Kononov A.N. K etimologii slova ogul «syn» [To the etymology of the word ogul «son»], Filologiya i istoriya mongol'skih narodov [Philology and history of the Mongolian peoples] (Moscow, 1958). [in Russian]

Received: 05.09.2023